

ӘӨЖ: 906 (045)**FTAMP: 13.61.09****DOI: 10.56525/EVQP3827****УНИВЕРСИТЕТ ҚАБЫРҒАСЫНДАҒЫ ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ:
YESSENOV UNIVERSITY ТӘЖІРИБЕСІ*****¹Арашова Н. К., ²Абдуазимова З.А.**¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан²Құқық қорғау органдары академиясы, Ташкент, Өзбекстан

e-mail: nabat.arashova@yu.edu.kz; zar.1986@mail.ru

Аннотация. «Университет мәдени институт па? Ғылым орталығы ма? Жастарды қалай тәрбиелейді? Білім кеңістігінде ол не үшін керек? Музей, ішкі безендіру және сыртқы инфрақұрылым қаншалықты білім беру үрдісінде қолданылады?» деген сұрақтарға жауап беру үшін Ш.Есенов атындағы Каспий Технологиялар және Инжиниринг университетінің мәдени-білім беру кеңістігіндегі қызметіне мәдениеттанулық тұрғыдан талдау жасалды. Yessenov University – білім беру мекемесі, ғылыми орталық, мәдени-ағартушылық кеңістік, тарихи-мәдени мұраны сақтаушы өнегелілік ордасы. Мақалада университеттің білім беруден бөлек әлеуметтік, мәдени және тарихи орны мен ролі зерделенеді.

Университет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақстанның киелі жерлері» жобаларының, білім мен тәжірибе интеграциясының мақсаты мен міндеттерін іске асырудың бір бағыты болып табылады. Ұлттық кодымызды сақтау, мәдени ерекшелігімізді дәріптеу жолында жұмыс атқаратын ЖОО білімалушылардың өнегелік, философиялық, этикалық және эстетикалық өрісінің кеңеюінде үлкен рөл атқарады. Ең бастысы білім мен ғылым, ғылым мен тәжірибе интеграциясын жүзеге асырушы зерттеу институты.

Түйін сөздер: Маңғыстау; университет; музей; киелі орындар; тарихи жады; ұжымдық жады; ұжымдық жады; естелік орындары.

Кіріспе

Қазіргі Қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес қазіргі қоғамға тек қана іскер, кәсіпкер адам ғана емес, сонымен бірге, жалпыадамзат мәдениетінің игілігі мен құндылықтарын түсінетін және бағалайтын маман керек. Мұндай маманды қалыптастыратын және тәрбиелейтін көп мәдениетті кеңістік – ол университет, университет музейі және инфрақұрылым. Елбасы айтқандай: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім. Білім әрдайым бірінші орында тұру керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысты болады» [1]. Сондықтан университеттің ең басты мақсаты оқу үрдісінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру және ғылыми зерттеу базасы болу.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындары тек кәсіби білім беретін мекеме ретінде ғана емес, сонымен бірге мәдени-ағартушылық, әлеуметтік-тәрбиелік және рухани орта қалыптастырушы кеңістік ретінде қарастырыла бастады. ХХІ ғасырдағы білім беру парадигмасы білім алушының тұлғалық дамуын, ұлттық мәдени құндылықтарды игеруін, тарихи жадын қалыптастыруды негізгі мақсаттардың бірі ретінде белгілейді. Осы тұрғыдан алғанда, Маңғыстау өңірі – қазақ тарихындағы ең көне мәдени қабаттарды сақтаған аймақ. Университет соның жалғасы іспетті өлкетану мәдениетін білім беру кеңістігімен ұштастырған, мәдени мұраны, өңір тарихын және ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде насихаттайтын іргелі білім ошағы.

Университеттің ішкі кеңістігі, дизайн элементтері, ақпараттық стендтер тек эстетикалық мәнге ие емес. Олар – студенттердің туған жер тарихына қызығушылық тудыратын, мәдени жадыны жаңғыртатын әрі ғылыми ойлау қабілетін дамытатын тәлімдік

құралдар. Бұл жағынан алғанда Yessenov University-дің қабырғалары өзіндік «ашық музей» қызметін атқарады деп тұжырымдауға болады.

Мақаланың мақсаты – Yessenov University-ді мәдени білім беру кеңістігі ретінде зерделеу, университет қабырғаларындағы тарихи-мәдени ақпараттардың тәрбиелік, ғылыми және әлеуметтік рөлін ашып көрсету, өңірлік тарихты білім беру үрдісіне кіріктірудің маңызын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу. Университет ғимараттарының, музейінің, қоғамдық орталықтарының өнегелік, философиялық білім беру саласындағы орны мен рөлін анықтау. Зерттеу нысаны – университет ғимараттары.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу материалы ретінде Yessenov University тарихи-мәдени репрезентацияларын айқындайтын көптеген дереккөздер кешені пайдаланылды. Атап айтқанда:

Біріншіден, университеттің институционалдық құжаттары мен ресми дереккөздері талданды. Оларға университеттің даму стратегиялары, миссия мен құндылықтар жөніндегі тұжырымдамалық құжаттары, жылдық есептер, университет сайты мен ресми әлеуметтік желілердегі ақпарат пен мәдени-ағартушылық іс-шаралар бағдарламалары енді. Бұл материалдар университеттің өзіндік дамуын анықтауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, университет кеңістігіндегі визуалды және кеңістіктік объектілер зерттеу материалы ретінде қарастырылды. Олардың қатарына ғимараттардың сәулеттік шешімдері, интерьерлік дизайн элементтері, тарихи тұлғаларға арналған экспозициялар, көрмелер, символикалық атаулар (аудиториялар), сондай-ақ университет аумағында орналасқан мәдени инфрақұрылым нысандары (музей, технопарк, кинозал, келісім және көрме залдары) кірді. Бұл деректер университет кеңістігінің мәдени-символикалық мазмұнын ашуға бағытталды.

Үшіншіден, эмпирикалық материал ретінде университет оқытушылары, студенттері және әкімшілік өкілдерімен жүргізілген жартылай құрылымдалған сұхбаттар пайдаланылды. Сұхбаттар барысында университет тарихының қабылдануы, мәдени орта ретіндегі кампустың мағынасы, символдар мен дәстүрлердің білім алушылардың идентификациялық тәжірибесіне әсері анықталды. Сондай-ақ университет қабырғасында өткізілетін мерейтойлық іс-шаралар, мәдени жобалар, академиялық және қоғамдық жиындар барысында кеңістіктің қалай пайдаланылатыны және мәдени мазмұнның қалай ұсынылатыны тіркелді.

Тақырыпты зерттеу үшін жалпы пәнаралық зерттеу тәсілдері қолданылады. Атап айтқанда, университет музейінің қалыптасу тарихын анықтау үшін ретроспективті және құрылымдық-функционалдық әдісі, университет эмблемасы мен гербының мәні мен мағынасын түсіндіру үшін семиотикалық сипаттау, салыстыру, жалпылау әдістері қолданылды. Негізгі әдістердің бірі – сапалық контент-талдау болды. Университеттің ресми мәтіндері мен медиа-контенті талданып, тарихи жады, мәдени мұра, өңірлік идентификация және академиялық дәстүрлерге қатысты негізгі тақырыптар айқындалды.

Семиотикалық, кеңістіктік талдаудың теориялық негізі ретінде Француз ғалымдары Морис Хальвакстың “Ұжымдық жады”, Пьер Нораның “Естелік орындары” тұжырымдамалары университет кеңістігіндегі символдар, бейнелер және көрнекі элементтерді интерпретациялауға қолданылды. Бұл әдіс арқылы сәулеттік формалардың, интерьерлік шешімдердің мәдени мағыналары ашылып, олардың институционалдық имидж қалыптастырудағы рөлі анықталды. Сондай-ақ, мақала тақырыбының теориялық және практикалық мәнін ашу барысында мұрағат және бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланылды.

Талқылау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының үшінші бабына сәйкес «құлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ғылым мен тәжірибе негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдалуға бағытталған білімді игеруге, жеке адамның білімдарлығын ынталандыруға және дарындылығын дамытуға, білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігін, оқу, тәрбие және тәжірибе бірлігін қамтамасыз ететін білім беру жүйесін жасау» [2] талаптарын орындау барлық білім саласының басты міндеттерінің бірі. Білім, ғылым, тәрбие және тәжірибе

арасындағы сабақтастық пен үздіксіздікті қалыптастыратын орындардың бірі де, бірегейі – университет.

Музей – адамзат болмысының ұзақ ғасырлар бойы келе жатқан тарихы мен дәстүрін, білімі мен мәдениетін, аңызы мен шындығын, ғылым мен өнерін қысқа уақыт ішінде хабардар ететін ақпараттық жылдамдыққа ие ақпараттық – танымдық орын, әлеуметтік-мәдени институт. Музей қалыптасқаннан бергі қызмет ету бағыттарының бірі – білім беру және тәрбиелеу болып саналады. Қазіргі жаһандық ақпараттық қоғамның дамуы негізінде музейдің қызметтік бағыты кеңейтілді. Білім берумен қатар зерттеу жүргізіледі, зерттеумен қатар тәжірибе жасалады, тәжірибемен бірге тәрибе беріледі, тәрбиемен бірге патриотизм сезімі қалыптасады, ал патриотизм ұлттық сезімді оятады, ұлттық сезім ұлттық мәдениетті дәріптеуге бағыттайды. Осылайша музейдің қоғамдағы орны мен рөлі артады [3, б.113].

Музейлердің қалыптасу тарихы туралы әртүрлі дереккөздер бар. Бірі, музей жеке ғимараты бар мәдени-ағартушылық институт деп есептесе, екіншісі, белгілі бір мекеменің карамағында қалыптасқан зерттеу бөлімі деп тұжырымдайды. Бұл ақпараттарды жоққа шығаруға болмайды. «Музей» сөзінің этимологиялық бастамасы грек тіліндегі «муссейон» - «музалар храмы, музалар ғибадатханасы» [4, б.217]. Қазіргі кезде Еуропа елдерінде музейлер өте көп. Әрқайсысы белгілі бір салада қызмет атқарады. Олардың ең басты мақсаты білімнің, ғылымның және өнердің дамуы мен жетілдірілуі үшін қызмет ету, көне тарихты сақтап қалу, келесі ұрпаққа тарату.

Музей зерттеушісі О.А. Еремееваның айтуы бойынша «университет музейлері – білім алушыларды өнер, мұра арқылы көркемдік тәрбиелеуге, әлеуметтік тәрбиелеуге бағытталған білім беру кеңістігінің ерекше феномені» [5, б.241].

Білім беру институттарында орналасқан музейлердің арнайы музейлерден айырмашылығы студенттің өзіндік санасын қалыптастыруға, оқу-зерттеу қызметін жетілдіруге және «Alma mater» ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға бағытталған. С.В. Муравскаяның пікірінше «университеттік музей кеңістігінде университеттің өмірі, білім мен ғылым тарихы, білім беру, оқыту және студенттік қауымдастық бейнеленеді. Олар университет құндылықтарын көрсетеді, таратады, кейіптейді, бейнелейді» [6, б.115]. Олай болса, университет музейі университеттің мәдени кеңістігін қалыптастырады және университет жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Музей кеңістігі нышандар мен мағыналар орны ретінде адамды киелілікті, құдіреттілікті іздеуге бағыттайды және ынталандырады. Э.Гуссерль айтқандай «мен үшін әлем – жәй ғана заттар әлемі емес, ол құндылықтар әлемі, ол игілік әлемі, ол тәжірибе әлемі, ол мағыналар әлемі» [7. б.251]. Неміс ғалымының ойын жалғастыратын болсам, музей қоғам үшін маңызды, құнды, мағыналы, бағалы, ерекше әлеуметтік мәдени кодты тасымалдаушы «месседж» тәрізді. Оның кеңістігінде нышандар мен дәстүрлер әлемінің заттары сақталған. Яғни, музей кеңістігі таңбалы-нышандық және материалды-заттық элементтердің жиынтығын құрайды.

Университеттің аздап тарихына тоқталатын болсақ, Маңғыстау өңірінде ЖОО қалыптасуы 1976 жылы басталған. Өнеркәсібі өркендеп келе жатқан жас өңір, мұнай газ кен орындарының ашылуы, осы сала мамандарын қажет етті. Сондықтан жалпы техникалық факультет ашылды, кейін аймаққа қойылған талаптар да өсе бастап педагогика және экономика мамандары қажет болды. Білім беруді реформалау тұжырымдамасы мен мамандар даярлаудың көпдеңгейлі жүйесін жүзеге асыру мақсатында әртүрлі атаулар (жалпы техникалық факультет, филиал, Ақтау университеті, Ш.Есенов атындағы Ақтау университеті, кейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті) алды. Бұл жаңа құрылым бірте-бірте техникалық, мұнай-газ, құқықтық-экономикалық және педагогикалық сала мамандарын дайындайтын жоғары оқу орны болып қалыптасқан көпсалалы оқу орнының негізін қалады.

Бүгінде «YESSENOV UNIVERSITY» брендімен «ашықтық, ықыластылық, креативтілік» сынды құндылықтарды ұлықтап, қазақстандық жоғары білім саласында өзіндік орнын айқындай алған Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және

инжиниринг университеті Маңғыстау облысындағы жоғары білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығына айналып отыр. Өзінің елу жылдық тарихында университет дамудың белгілі бір кезеңдерінен өтті.

Yessenov University басты миссиясы – Маңғыстау өңірінің тұрақты дамуы үшін оқыту, шабыттандыру және зерттеулерді ілгерілету. Құндылықтары:

- Ашықтық: Барлық деңгейлерде тиімді ынтымақтастыққа дайын болу.

- Ықыластылық: Университеттің басқару және оның қызметін жетілдіруге қатысу мүмкіндігі.

- Креативтілік: Жылдам өзгеретін ортадағы түпнұсқа идеялар мен проблемаларды шешу тәсілдерін қолдау [8. б.17].

Университет музейі – білім алушылар үшін ғылымның, білімнің, тарихтың, мәдениеттің жаңғыруына, жастардың тарихи-мәдени, өнегелік және эстетикалық білім өрісін кеңейтуде үлкен рөл атқарады. Музей экспонаттары мәдени білім беру кеңістігінің негізгі құрамдас бөлігі. Экспонат мәдени мекемеге орналасқан кезде оған ерекше онтологиялық дәреже беріледі. Күнделікті өмірде семиотикалық тұрғыда мәңгілік зат музей кеңістігінде киелі мәнге ие болады да қоғамға өзіндік өнегелік және эстетикалық мағына береді. Ал университет кеңістігінде орналасқан экспонаттар одан да жоғары мәнге ие. Университет эмблемасына сипаттама берсек (1 сурет):



Сурет 1- YU эмблемасы

Маңғыстау – терең тарихы бар, әртүрлі құпиялар мен аңыздармен көмкерілген ұлы адамдардың өлкесі. Өңіріміздегі жалғыз оқу орнының мөрінде университетіміздің миссиясы және мақсаттарымен қатар, өлкеміздің мәдени және тарихи ерекшеліктеріне негізделген символдық мәні бар элементтер бейнеленген.

Бозжыра – биік, асқақ рух, өр намыс.

Каспий теңізі – терең білім, талап, мақсат.

Күн – нұр, адал қызмет.

Қошқар мүйіз – жас ұрпақ, ұлттық құндылық.

Үстірт – оңтүстік батыстан солтүстік шығысқа қарай 600 шақырымға жуық, ені 4 километрлік синкринальды ойысқа немесе миллиондаған жылдар бұрынғы Сармат теңізінің табанына биіктігі 300-350 метр болып шөккенарал сынды бұл сазды әк құм тас жыныстарының шөгіндісі. Мұнда күллі әлемді таң қалдыратын «Үстірт жібелері» деп аталатын ғылым ғажабы бар. Бұл жібелер бұрын еш жерде кездеспеген ерекше археологиялық нысан. Тек 1986 жылы аэрофототүсірілім кезінде 30-ға жуық жібелер байқалған. Жібелер негізі айқын ұштары бар екі жібеден шығатын үшбұрыш қапқа ұқсайды. Үшбұрыштардың ең басында диаметрі он метрлік сақиналар олардың барлығы солтүстік шығысқа бағытталған. Қоршаудың қазіргі биіктігі 80 см аспайды. Оларды арандар деп те атайды. Осы уақытқа дейін олардың нақты мақсаты түсініксіз, нұсқалардың бірі бойынша бұл арандар осы құрғақшыл жерде су жинауға,



Сурет 3 - Ұлы жібек жолы тармақтары



Сурет 4 - Маңғыстаудың киелі мекендері

Мұндай мәдени ақпараттардың тұрақты түрде көзге көрініп тұруы білім алушылар үшін тарихты визуалды қабылдауды, білімді есте сақтауды, талдау дағдыларын, мәдени қызығушылықтарды дамытуға көмектесіп, білімалушылар арасында пікірталасқа, жобалық жұмыстарға, презентациялар жасауға себеп болады.

2. Ұлы тұлғалар галереясы. Университеттің негізгі оқу корпустарындағы дәліздерде өлке тарихына қатысты қысқа деректер, карталар, фотосуреттер, зерттеулер мен ұлы ойшылдардың, қоғам қайраткерлерінің қанатты сөздері жазылған. Атап айтсақ:

- Абайдың «Толық адам» ілімі;
- Алихан Бөкейхановтың «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден»;
- Ахмет Байтұрсыновтың «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»;
- М.Әуезовтың «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қантамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!»;
- Ә.Кекілбаевтың «Маңғыстау... Тарих пен табиғаттың бірге толғаған тамаша дастаны, бірге салған таңғажайып суреті, бірге шерткен тағылымды шежіресі. Оны таңданбай көріп, тамсанбай түйсінудің мүмкін емес»;
- Абайдың «Талап қыл артық білуге, артық ғылым кітапта ерінбей оқып көруге».

Сонымен қатар Маңғыстаудың бес жүйрігі мен қазақтың бес арысы және т.б. тарихи және шет ел тұлғаларының тұжырымдамалары заманауи дизайнмен берілген. Бұл галерея студенттерге рух беріп, ұлттық өзіндік сана қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Жергілікті өңірдің дамуына үлес қосқан әр сала мамандарының, қоғам қайраткерлерінің, ел ағаларының арнайы аудиториялары жасақталып, заманауи стильде ұсынылған. Оларға:


- Әбіш Кекілбаев – Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Маңғыстау (Онды) өңірінің тумасы (2019ж);
- Ғұбайдолла Айдаров - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы (2020ж);
- Сәбит Абишев - мал тұқымын асылдандыру, жергілікті адай жылқысын қалпына келтіру жұмыстарымен айналысқан зоотехник (2022ж);
- Ордалы Қосай – өңірімізге белгілі математик, ағартушы ұстаз (2023ж);
- Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы – аса көрнекті геолог ғалым, ағартушы ұстаз, қоғам қайраткері (2023ж);
- Бекес Дәрментайұлы – тарихи тұлға, Адай уезіндегі 6-болысты басқарған, ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткер (2025ж);

• Ақкенжеев Шынабай – Маңғыстау облысының инженерлік-инфрақұрылымдық қалыптасуына үлес қосқан, Қазақстанның құрметті құрылысшысы (2025ж);

Бұл тізім әлі де толығы түсері анық. Дегенмен, университеттегі тұлғаларға аталған аудиториялар білімалушылар үшін тек оқу орны емес, құндылықтар мен мағыналар тоғысқан символдық білім кеңістігі болып табылады. Олар білім беру үдерісін мазмұндық тұрғыдан байытып, студенттердің тарихи сана-сезімін, тұлғалық мотивациясын және мәдени сәйкестігін қалыптастыруда стратегиялық маңызға ие. Сонымен қатар атаулы аудиториялардан бөлек Маңғыстаудың киелі табиғи нысандарымен аталатын Шерқала, Үстірт, Бозжыра (5-6-7-суреттер) кеңес залдары университет кеңістігіне аймақтық тарих пен мифологиялық нарративтерді енгізеді. Бұл П.Нора тұжырымдаған «естелік орындарының» университеттік форматтағы көрінісі ретінде қарастыруға болады.



Сурет 5 – Шерқала залы



Сурет 6 – Үстірт залы



Сурет 7 – Бозжыра залы

3. Ашық алаңдардағы арт-инсталляциялар. Университет кампусы мен ауласы білімалушыларға шабыт сыйлайтын арт-нысандармен жабдықталған. Мысалы:

• YU Кинозал – білім беру ортасының мәдени әрі зияткерлік мүмкіндіктерін кеңейтетін маңызды артықшылық ретінде сипатталады. Бұл кеңістік оқу үдерісін көрнекі және аудиовизуалды контент арқылы толықтырып, теориялық сабақтарды тәжірибелік түсінумен байланыстыруға жағдай жасайды. Мұндай инфрақұрылым білім алушылардың оқу ордасымен әлеуметтік және мәдени тұрғыдағы байланысын күшейтеді.

• YU Technopark – мәдениеттанулық тұрғыдан тек инновациялық инфрақұрылым ғана емес, заманауи университет мәдениетін қалыптастыратын, жаңа құндылықтар мен мағыналарды өндіретін мәдени кеңістік болып табылады. Ол білімалушылардың технологияға деген қатынасын мәдени тұрғыдан қайта ойластырып, университетті креативті және инновациялық мәдениет ошағына айналдырады. Егер тұлғаларға аталған аудиториялар өткеннің мәдени жадын бейнелесе, технопарк – университеттің болашаққа арналған мәдени сценарийін құрайды. Осылайша, университет кеңістігінде уақыттың символдық тұтастығы қалыптасады.

• YU Жылыжай – мәдениеттанулық тұрғыдан табиғатпен үйлесім, экологиялық сана және жауапты болашақ мәдениетін қалыптастыратын символдық кеңістік ретінде сипатталады. Ол білімалушылардың табиғатқа деген қатынасын қайта ойластырып, университетті тұрақты даму құндылықтарын таратушы мәдени институт ретінде танытады.

• Саябақ – мәдениеттанулық тұрғыдан табиғат, білім және әлеуметтік коммуникация тоғысқан көпқабатты мәдени кеңістік ретінде сипатталады. Ол университетті тек білім беретін институт емес, адам мен қоғамға бағытталған мәдени орталық ретінде танытып, студенттердің құндылықтық бағдарын, әлеуметтік тәжірибесін және экологиялық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

- Шерқала сахнасы (Жығылған кафесі) – мәдениеттанулық тұрғыдан өңірлік жады және университеттік бірегейлік тоғысқан символдық кеңістік болып табылады (8-9-суреттер). Ол университетті білім беру мекемесі ғана емес, өңірлік мәдениетті сақтап, жаңаша ұсынатын мәдени орталық ретінде танытады. «Шерқала», «Жығылған» атауларының өзі өңірлік мәдени жадымен тікелей байланысты символ болып табылады және университеттік қауымдастықтың ұжымдық бірегейлігін қалыптастыруға ықпал етеді. Ортақ іс-шаралар арқылы білімалушылар мен оқытушылар өздерін бір мәдени кеңістіктің қатысушысы ретінде сезінеді. Сахнада өткен маңызды оқиғалар университет жадысында символдық түрде бекітіліп, ортақ естеліктер мен дәстүрлерді қалыптастырады.



Сурет 8 - Шерқала сахнасы



Сурет 9 - Жығылған кафесі

- Yesenov Stadium – университет стадионы мәдениеттанулық тұрғыдан дене мәдениеті, ұжымдық эмоция және университеттік қауымдастықтың символдық бірлігі қалыптасатын көпфункционалы мәдени кеңістік болып табылады. Ол университетті тек интеллектуалдық емес, физикалық және әлеуметтік тұрғыдан да дамытатын тұтас мәдени институт ретінде көрсетеді.

Біз жоғарыда университетке мәдениеттанулық тұрғыдан интерпретация жасасак, енді әлеуметтік дамуына белсенді ықпал ететін маңызды бір жоба – Service Learning туралы ақпарат бергім келеді. «Қоғамға қызмет» білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырумен қатар, олардың мәдени санасы мен азаматтық позициясын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады және білімалушылардың жергілікті әлеуметтік мекемелермен (білім беру ұйымдары, әлеуметтік қорғау орталықтары, мәдени мекемелер, қоғамдық бірлестіктер) өзара байланыс арқылы мәдени тәжірибе жинақтайтын кеңістік болып табылады. Демек бұл жоба мәдениеттанулық тұрғыдан студенттердің әлеуметтік әрекетін мәдени тәжірибеге айналдыратын, университет пен қоғам арасындағы мәдени көпір қызметін атқаратын кешенді платформа болып табылады.

Ұлы ойшыл Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында: «Адамдардың бір-біріне көмектесуін мақсат еткен ел – ізгі, кемелденген ел», - деген жазбасы [11], Абай атамның «Толық адам» іліміне негізделген бұл пәннің қазіргі қоғам үшін берері мол. Өйткені мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың да жолдаулары осы бағыттарды қолдайды, атап айтсақ олар Әділетті Қазақстан, Адал азамат және озық ойлы ұлт [12]. Аталған жоба білім алушылардың кәсіби құзыреттерімен қатар, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігін арттыру, қоғамға пайдалы болу дағдыларын дамыту, азаматтық сананы қалыптастыру және қоғамның нақты мәселелерін шешуге ұсыныс қосу және жобалық іс-әрекет дағдыларын меңгеруге, тиімді коммуникация құруға, сыни ойлауға бағытталған стратегиялық маңызға ие.

Мақаланы тұжырымдай келе француз ғалымы Морис Хальвак «Ұжымдық жады» еңбегінде жадыны жеке психологиялық құбылыс емес, әлеуметтік шеңберлер арқылы қалыптасатын ұжымдық құрылым ретінде қарастырады. Жады әрқашан белгілі бір әлеуметтік топтың (қауымдастықтың) тәжірибесі мен нормаларына сүйенеді. Сол себепті университет

қауымдастығы (оқытушылар, білімалушылар, түлектер) – ортақ әлеуметтік шеңбер, ал университет тарихы, рәміздері, дәстүрлері – осы шеңбер аясында бекітілетін ортақ жады элементтері. Яғни, университет ғимараттары, кампус, мәдени нысандар (музей, кинозал, саябақ, мәдени алаң) жадыны бекітетін әлеуметтік тірек нүктелері болып табылады [13, 286].

Ал француз тарихшысы Пьер Нора қазіргі қоғамда «тірі жады» әлсіреп, оның орнын саналы түрде жасалған жады орындары (ескерткіштер, музейлер, рәміздер, рәсімдер) басады деп көрсетеді. Оның тұжырымдамасы университет кеңістігін «естелік орындары» жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Мысалы:

- мерейтойлық іс-шаралар мен ғылыми еңбекті насихаттауға арналған конференциялар;
- атаулы аудиториялар;
- символикалық рәсімдер (ұлттық мерекелер мен спартакиадалар)

П.Нора тұжырымдамасы бізге тарихты табиғи түрде емес, мәдени саясат пен репрезентация арқылы қалыптасатынын көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе университет имиджі, өңірлік мәдени сәйкестік, брендтік стратегия тақырыптарын ғылыми тұрғыда негіздеуде өте тиімді [14, 936].

Осылайша Yessenov University тәжірибесін талдау Хальвакс сипаттаған ұжымдық жадының университет қауымдастығы ішінде қалыптасуын (қабылдау мен тәжірибені) және П. Нора ұсынған «Естелік орындары» арқылы оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетіп, репрезентация мен саясатты талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері. Университет білім мен тәжірибенің интеграциясын жүзеге асырушы мәдени институт ретінде қоғам өмірінде маңызды орын алады. Зерттеу барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді: мақалада музейдің қалыптасу тарихы мен қоғамдағы орны, рөлі анықталды. Ғимарат қабырғаларының тарихи және мәдени білім берудегі ерекшеліктері қарастырылып, білімалушылар үшін:

- өз жерінің тарихи байлығын сезіну мен ұлттық құндылықтарды құрметтеу;
- эссе және зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларына ақпарат алу;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық қалыптастыру;
- туризм арқылы аймақ экономикасын дамыту қабілеттерін арттырады.

Осы арқылы көптеген білімалушылар аймақ тарихына негізделген дипломдық және ғылыми жұмыстарын дайындайды — бұл да университеттің мәдени білім берудегі рөлін күшейтеді. Университеттің білім, мәдени-ағартушылық, рухани жаңғыру саласындағы атқаратын рөлі мен орнының маңыздылығы дәлелденді.

Қорытынды. Университет «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын, «Қазақ елі» патриоттық жобасын жүзеге асырушы, тәуелсіз елдің тарихи-мәдени, ағартушылық құндылықтарын насихаттаудың ерекше үлгісі. Сондай миссиямен жұмыс жасап жатырған Yessenov University білімді, ғылымды, мәдениетті дамыту саласындағы ерекше жоғарғы оқу орны және тарихи - мәдени мұраны жинақтаушы, сақтаушы, насихаттаушы мәдени институт және ғылыми база.

Yessenov University — мәдени білім беру кеңістігін тиімді ұйымдастырып отырған Қазақстандағы үлгілі жоғары оқу орындарының бірі. Университет қабырғаларындағы тарихи-мәдени ақпарат білім алушылардың интеллектуалдық, рухани және азаматтық дамуына ықпал етеді. Бұл орта білімалушылардың туған жер тарихымен танысып қана қоймай, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырады, ғылыми ізденістерге шабыт беріп, тұлғалық дамуына жағдай жасайды. Білім ордасының ішкі инфрақұрылымы — ашық музейге айналғандай, ал бұл өз кезегінде жастарды мәдени құндылықтарды құрметтеуге баулиды. Демек, университет тек білім беруші институт емес, мәдени мұра мен ғылым тоғысқан маңызды орталық болып табылады. Білімнің сапасы мен қол жетімділігі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Yessenov University сол талаптарға сай қоғамның дамуы мен жаһандануы үшін білікті кадрлар даярлауда жоғары жетістіктерді көрсетіп отыр.

Университет жансыз жасанды заттардан құралған кеңістік емес, ол тарихты баяндайтын, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыратын, мәдениетімізді сипаттайтын, жетістігімізді дәріптейтін естелік орны.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы [Электрон. ресурс]. 2021. - URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/ (Қолданған күні: 20.12.2025).
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. (31.03.2021 жылғы толықтырулар мен өзгертулер негізінде) [Электрон.ресурс]. – 2021. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (Қолданған күні: 21.12.2025).
3. Ермагамбетова К.С. Еуразия ұлттық университетінің мәдени білім беру кеңістігіндегі музейлер //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы ISSN: 2616-7255, eISSN: 2663-2489, Б.113
4. Юренева Т. Ю. Музееведение: Учебник для высшей школы / Т. Ю. Юренева. - Москва: Академический Проект, 2010. - с. 217
5. Еремеева О. А. Роль музейного пространства в образовательном процессе вуза. // Научно-методический электронный журнал «Концепт». - 2013. - Т. 3. - с. 241.
6. Muravskaya, S.V. Museums of higher education institutions: some features of existence // Вопросы музеологии, -2012. - №. 2(6). - Р. –с. 121.
7. Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии и феноменологической философии / Э. Гуссерль. – Москва: Академический Проект, 2005. - с. 448
8. Өткенге құрметпен, келешекке нық сеніммен. Алматы-2021. -280 б.
9. YU тіркеу мәліметтері. <https://yu.edu.kz/ru/normativnye-dokumenty/> [Электрон. ресурс]. (Қолданған күні: 12.01.2026).
10. Ұлы жібек жолының жолдары мен бағыттары. [Электрон. ресурс]. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8595> (Қолданған күні: 13.01.2026).
11. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактаты [Электрон. ресурс]. https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/kayyiryimdyi-kala-turgyindaryinyin-kozkarastaryi-traktaty-28375/ (Қолданған күні: 13.01.2026).
12. Президент Қ.К.Тоқаевтың жолдауы. [Электрон. ресурс]. https://el.kz/elimizdin-bolashaqtagy-beynesi-adiletti-qazaqstan-adal-azamat-ozyq-oyly-ult_111050/. (Қолданған күні: 13.01.2026).
13. Хальбвакс М. Коллективная и историческая память // Неприкосновенный запас. – 2005. – № 2. – с.287.
14. Нора П. (1999). Между памятью и историей. Проблематика мест памяти. В кн.: Франция — память СПб.: Изд-во СПбГУ. https://shron1.chtyvo.org.ua/Nora_Pierre/Mizh_pamiattiu_i_istorieiu.pdf (с. –150).

REFERENCES

1. Kazakhstan Respublikasynyn Tungysh Prezidenti N.A.Nazarbayevtin “Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru” atty makalasy [Article by the First President of the Republic of Kazakhstan, N.A. Nazarbayev, ‘In Focus on the Future: Spiritual Renewal’], Available at: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/ memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy, [in Kazakh], (accessed 20.12.2025).
2. Kazakhstan Respublikasynyn «Bilim turaly» zany. (31.03.2021 jylgy tolyqtyrular men ozgertuler negizinde) [Law of the Republic of Kazakhstan «On Education». (On the basis of additions and changes as of March 31, 2021)], Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [in Kazakh], (accessed 21.12.2025).

3. Ermagambetova K.S. Euraziya ылтык universitetinin мәдени bilim беру kenistigindegi muzejler //L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ылтык universitetinin HABARSHYSY. Tarihi gylymdar. Filosofiya. Dintanu seriyasy ISSN: 2616-7255, eISSN: 2663-2489, B.113
4. YUreneva T. YU. Muzevedenie: Uchebnik dlya vysshej shkoly / T. YU. YUreneva. - Moskva: Akademicheskij Proekt, 2010. - s. 217
5. Eremeeva O. A. Rol' muzejnogo prostranstva v obrazovatel'nom processe vuza. // Nauchno-metodicheskij elektronnyj zhurnal «Koncept». - 2013. - T. 3. - s. 241.
6. Muravskaya, S.V. Museums of higher education institutions: some features of existence // Voprosy muzeologii, -2012. - №. 2(6). - P. —s. 121.
7. Gusserl' E. Idei k chistoj fenomenologii i fenomenologicheskoy filosofii / E. Gusserl'. – Moskva: Akademicheskij Proekt, 2005. - s. 448
8. Otkenge kyrmetpen, keleshekke nyk senimmen. Almaty-2021. -280 b.
9. YU tirkeu malimetteri. <https://yu.edu.kz/ru/normativnye-dokumenty/> [Elektron. resurs]. (Koldangan kyni: 12.01.2026).
10. Yly zhibek zholynyn zholdary men bagyttary. [Elektron. resurs]. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8595> (Koldangan kyni: 13.01.2026).
11. Al-Farabi «Kajyrymdy kala tyrgyndarynyn kozkarastary» traktaty [Elektron. resurs]. https://massaget.kz/blogs/oy_tolgaular/kayyiryimdyi-kala-turgyindaryinyin-kozkarastaryi-traktatyi-28375/ (Koldangan kyni: 13.01.2026).
12. Prezident K.K.Tokaevtyn zholdauy. [Elektron. resurs]. https://el.kz/elimizdin-bolashaqtagy-beynesi-adilette-qazaqstan-adal-azamat-ozyq-oyly-ult_111050/. (Koldangan kyni: 13.01.2026).
13. Hal'bvaks M. Kollektivnaya i istoricheskaya pamyat' // Neprikosnovennyj zapas. – 2005. – № 2. – s.287.
14. Nora P. (1999). Mezhdru pamyat'yu i istoriej. Problematika mest pamyati. V kn.: Franciya — pamyat' SPb.: Izd-vo SPbGU. https://shron1.chtyvo.org.ua/Nora_Pierre/Mizh_pamiattiu_i_istorieiu.pdf (s. –150).

ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА В СТЕНАХ УНИВЕРСИТЕТА: ОПЫТ YESSENOV UNIVERSITY

*¹Арашова Н. К., ²Абдуазимова З. А.

¹Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Академия правоохранительных органов, Ташкент, Узбекистан
e-mail: nabat.arashova@yu.edu.kz; zar.1986@mail.ru

Аннотация. "Является ли Университет культурным институтом? Научный центр? Как воспитывают молодежь? Для чего он нужен в пространстве знаний? Насколько в образовательном процессе используются Музей, внутреннее убранство и внешняя инфраструктура?" проведен культурологический анализ деятельности Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова в культурно-образовательном пространстве. Yessenov University - образовательное учреждение, научный центр, культурно-просветительское пространство, Орда нравственности хранителя историко-культурного наследия. В статье изучается социальное, культурное и историческое место и роль университета помимо образования.

Университет является одним из направлений реализации целей и задач интеграции знаний и опыта, проектов Первого Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», «семь граней Великой степи», «сакральные места Казахстана». Вузы, работающие над сохранением национального кода, популяризацией нашей культурной самобытности, играют большую роль в широком спектре нравственного, философского, этического и эстетического поля обучающихся. Главным является

исследовательский институт, осуществляющий интеграцию образования и науки, науки и практики.

Ключевые слова: Мангистау; университет; музей; сакральные места; историческая память; коллективная память; культурное пространство; памятные места.

HISTORY AND CULTURE AT THE UNIVERSITY: THE YESSENOV UNIVERSITY EXPERIENCE

***¹Arashova N., Abduazimova Z.**

¹L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Academy of Law Enforcement Agencies, Tashkent, Uzbekistan

e-mail: nabat.arashova@yu.edu.kz; zar.1986@mail.ru

Annotation. "Is the University a cultural institution? A science center? How are young people educated? What is it needed for in the knowledge space? To what extent are the Museum, interior decoration and external infrastructure used in the educational process?" a cultural analysis of the activities of the Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yesenova in the cultural and educational space. Yessenov University is an educational institution, a scientific center, a cultural and educational space, a moral Horde of the guardian of historical and cultural heritage. The article examines the social, cultural and historical place and role of the university in addition to education.

The University is one of the directions for the implementation of the goals and objectives of the integration of knowledge and experience, the projects of the First President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev "Looking to the future: modernization of public consciousness", "seven facets of the Great Steppe", "sacred places of Kazakhstan". Universities working to preserve the national code and promote our cultural identity play an important role in a wide range of moral, philosophical, ethical and aesthetic fields of students. The main one is a research institute that integrates education and science, science and practice.

Keywords: Mangystau; university; museum; sacred sites; historical memory; collective memory; cultural space; memorable places.